



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

realizuyut-v-karagandinskoy-oblasti_a3127363http://online.zakon.kz Дата обращения 10.03.2018г.

5. Анализ статистических данных о состоянии правонарушений среди несовершеннолетних и в отношении них за 9 месяцев 2017 года // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: // http://www.inform.kz/ru/238-proektov-po-programme-ruhani-zhangyru-realizuyut-v-karagandinskoy-oblasti_a3127363http://pravstat.prokuror.kz/rus/o-kpsisu/devatelnost-komiteta/analiticheskaya-informaciya Дата обращения 12.03.2018г.

6. Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2018-2020 годы»[Электронный ресурс]. - Режим доступа: // http://www.inform.kz/ru/238-proektov-po-programme-ruhani-zhangyru-realizuyut-v-karagandinskoy-oblasti_a3127363http://online.zakon.kz Дата обращения 10.03.2018г.

УДК 343.6

СУИЦИД-ҚОҒАМ ДЕРТІ

Испаева Алтынай Нурлановна

altynaiispaeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында «ең қымбат қазына – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - деп жарияланған. Осыған орай Қазақстан Республикасындағы барлық құқық салалары, оның ішінде Қылмыстық құқықта адамды қорғауды өзінің міндеті деп санайды. Қылмыстық кодекс бойынша топтық объекті тұрғыдан жеке адамға қарсы қылмыстар маңызды орын алады. Соның бірі – өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу қылмысы. Өзін-өзі өлтіру — өзін өмірден қасақана айыру (суицид). Суицид термині итальян психологы Г. Дэзен 1947 жылы енгізіп, оны “өзін-өзі өлтіруге әрекет ету” - деп түсіндіреді. Өзін-өзі өлтірудің себептері әр түрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және өмір оналмайды деп есептеу. Депрессивті жағдайлар «жиналып» соның салдарынан өзін-өзі өлтіру болуы мүмкін. Әдебиеттерде суицидтік әрекеттерді көбінесе «аутожарақат», «аутоагрессия» деген терминдермен байланыстыра қарайды. Егер аутоагрессия актінің соңғы мақсаты – өзіне-өзі қол жұмсау болса, онда оны суицидтік әрекетке жатқызу керек. Сонымен қатар, қасақана дене мүшесін зақымдауды, психоз күйіндегі адамдардың аутоагрессивті актілерін және осындай басқа да іс-әрекеттерді суицидтік әрекетке жатқызуға болмайды. Жәбірленушінің немесе есі дұрыс емес адамның абайсызда өз өмірімен қоштасуы өзіне өзі қол жұмсауға жатпайды. Мұндай жағдайларда өмір үшін қауіпті іс-әрекеттер өзін-өзі өлтіруге бағытталмайды және олардың басқа да себептері мен мақсаттары болады, сондықтан оларды жазатайым оқиғалар санатына жатқызу керек. Осы анықтамаға сүйене отырып, «аутодеструктивті» немесе «мінез-құлықтың өздігінен бұзылуы»- деп аталатын жөнсіз тәуекелдің нәтижесіндегі өлімді де өзіне-өзі қол жұмсау деп есептеуге болмайды.

Суицидтік мінез-құлық – бұл өзіне қол жұмсау туралы ойларға бағытталған психикалық актілердің сыртқы және ішкі нысандары. Ішкі нысандарға суицидтік ойлар (елестету, уайымдау); суицидтік үрдістер (ниет, мақсат) сыртқы нысандарға – суицидтік көріністер, суицидке оқталу (әрекеттену) жатады.

Суицидтік ойлар (елестету, уайымдау) – өмірдің мағынасыздығы, құнсыздығы туралы пассивті ойлар («Өмір сүруге тұрғысыз», «Өмірде бақыт жоқ», «Өмір сүрмейсің тек қана күнелтесің»), сондай-ақ өз өлімі туралы фантазиялар («Өлсем жақсы болар еді», «Ұйықтап содан қайта оянбасам»), бірақ өзіне-өзі қол жұмсамау. Қандай да бір қақтығысты немесе жүйкені зақымдайтын жағдайларды бастан кешкенде әдетте суицидтік ойлар барлық адамдарда кездеседі, бірақ олар суицидтік үрдіске ұласпайды.

Суицидтік үрдіс (ниет, мақсат) – өзіне-өзі қол жұмсауды жан-жақты қарастыру, суицидтің жоспарын әзірлеу, өзіне-өзі қол жұмсау әдістерін, оның уақыты мен жүзеге асыратын орнын белгілеу болып табылады. Бұл ретте суицидтік әрекетті тікелей орындауға ниеттенуге байланысты сыртқы мінез-құлықта қобалжу байқалуы мүмкін. Осы кезеңде суициденттер көп жағдайларда өзінің суицидтік ниеттерін туыстарына, достарына, тұспалдап немесе әзілдеп (суицидтік көрініс) жеткізеді. Суициденттердің ішінде шамамен 15% мұны ашық және көпшілік алдында білдіреді. Қоршаған орта осындай ашық жариялауларды әдетте шындық ретінде қабылдамай, көбінесе көңіл аудармайды. Алайда оларды бағалауға болмайды. Осындай барлық жағдайларда, яғни ашық пікірлер айтылған кезде міндетті түрде психологтың кеңесі қажет.

Суицидке оқталу (әрекеттену) – өзін-өзі өлтіру мақсатында өз өмірін қиюға белсенді әрекеттену. Кейде суицидентке байланысты емес себептерден (жарақаттың ауыр болмауы, жіптің үзілуі, уақытылы көрсетілген медициналық көмек, реанимациялық көмек және т.б.) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті өлімге әкеп соқпауы мүмкін. Соңына дейін жеткізілген өзін-өзі өлтіру мен демонстративтік сипаттағы өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін соңына жеткізілмеген суицид ажырата білу керек. Соңғысы өмірмен қоштасуды мақсат етпейді. Оның мақсаты көпшіліктің көңілін өзіне аудартуға немесе жоғалтқан назарын, зейінін қайтаруға қоршаған ортаның сезімі мен аяушылығына, жазалаудан құтылуға бағытталады. Өзіне-өзі қол жұмсау әдісі. Өзіне-өзі қол жұмсау әдісін, орнын және уақытын таңдау жанама түрде суицидтің аяқталуы сатысында суицидтік ниеттің қандай деңгейде күрделі екенін білдіреді. Пайдалану бойынша өзіне-өзі қол жұмсаудың мынадай әдістері: Асылу, Қарумен жарақат келтіру, Химиялық заттармен немесе медикаменттермен улану, Жоғарыдан құлау, келе жатқан пойыздың астына немесе көліктің астына түсу.

Суицидке оқталу бойынша әдістер мынадай түрде өзгеше бөлінеді: Улану, Өзіне-өзі жарақат келтіру, Асылу.

Өзін-өзі өлтіру қарттарға, нашакорларға, жазылмайтын аурумен ауыратындарға, қылмыскерлерге тән әрекет. Балалардың өзін-өзі өлтіруі ашық қарсылық білдіру түрінде, көбінесе ата-аналарына қатысты жасалады.

Суицидтік тәуекел – жеке тұлғаның суицидтік және суицидке қарсы факторларының өзара қатынасы ретінде бағаланатын өзін-өзі өлтіруге ықтимал дайындалу. Психолог-психосарапшы Оксана Гулактің пайымдауынша, аталмыш парақшалар баланың отбасында үлкен проблема бар екенін көрсетеді. «Жасөспірімдер өлім туралы жиі ойлайды. Ажал тақырыбы психикалық тұрғыдан алғанда олардың ата-анасынан алыстағанының дәлелі. Жасөспірімдік шақ – бұл балалық шақ пен ересек кездің шекарасы. Сондықтан ата-аналар жасөспірімнің есеюіне көмектесуі тиіс», - дейді психолог.

Балалық шақ – 12 жасқа дейін

Жеткіншектік кезең – 12-17 жас

Жастар арасы - 17-29 жас

Ересектер арасы – 30-35 жас

Қарттық кезең – 55-70 жас

Тек өзінің ішкі психикалық ауруын жеңе алмаған, ішкі күйзелісін шеше алмаған бала паталогиялық бірлестіктерге кіреді.

5 жасқа дейінгі балаларда өзін-өзі өлтіру әрекетіне бару өте сирек кездеседі. Жанұялық қақтығыстарға байланысты 9 жасқа дейін 2,5%, ал 9 жастан кейін 80% өзін-өзі өлтіру әрекетіне барады екен. Жеткіншек кезеңінде суицидалды әрекеттің себебі болып ата-анасымен, мұғалімдерімен қақтығысқа бару салдары болып табылады. Жастар арасында әсіресе қыздар арасында өздерінің жігітеріне байланысты суицидалды әрекеттерге баратыны анықталды. Суицидтің ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі яғни – жалғыздық, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б. Өзін-өзі өлтіру оның ішкі қақтығыстарын өткізу жағдайларындағы әлеуметтік

психология дезадаптация салдары деп Бачериков қарастырады. Суицидогенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірибесіне, интелектісі және мінез- құлығымен анықталады. Суицидогенді қақтығыс шынайы себептер арқылы жүзеге асады. Ол тіпті сау адамда кездесуі мүмкін. Қақтығыс себептері субъект үшін ылғи да шынайы болады, сондықтан ол субъектіні ауыр уайым – қайғымен депрессияға ұшыратады. Сол проблемалардың шешілмеуіне байланысты адамдар өз- өздеріне қол жұмсауы мүмкін. Қазіргі кездегі жастардың суицидке бару себебі, олардың өмір тәжірибелерінің болмауына, олардың алдарына қойған мақсаттарына жете алмау себептеріне байланысты және өмір қиындықтарына шыдамауына байланысты болады. И.П. Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндірген. Осыған байланысты ол: «Мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні және энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса басқа мақсатты көздеп соған қол жеткізу, қызығу, ұмтылу. Соған байланысты біздің өміріміз гүлденеді және мәндене түседі. Егер адамның өмірінде мақсат жоғалса оның өмірі мәнсіз болады. Сол себепке байланысты біз өлген адамдар артынан қалған қағаздардан, олардың өмірлерінің мәні жоғалғанына байланысты олар өз- өздерін өлтіруге мәжбүр болғандарын ұғынамыз. Бірақ адам өміріндегі мақсаттар саны шексіз...» Тек И.П. Павлов суицидке барған адамдардың ешқайсысында психикалық ауытқуы жоқ деген. Суицидалды мінез-құлық соматикалық, психикалық ауытқуы бар, тіпті сау адамдарда да кездеседі. Сондықтан өзін- өзі өлтіретін адамдардың барлығының психикасында ауытқуы бар деуге болмайды. Медициналық статистикаға байланысты адамдардың бір жартысын ақыл- ойы кеміс адамдар, бірін жүйке-жүйесі тозған адамдар, бірін мазасыз адамдар десе, енді бірін өз эмоцияларын басқара алмайтын адамдар құраса, қалған бөлігін ешқандай психикалық ауытқуы жоқ адамдар құрайды екен. Суицидальді мінез-құлық тағыда балалар үйінде және толыққанды емес отбасында өскен балалар арасында жиі кездеседі. Сонымен қатар отбасы аралық қақтығыс, әке-шешесінің айырылысуына да байланысты болады. Көктем, жаз жыл мезгілдерінде сейсенбі күні суицид жасалу күні жоғары болады. Күз, қыс мезгілдерінде сәрсенбі, бейсенбі күндері суицидтің жасалуы төмен болады деп қарастырады. Өз-өзіне қол салу – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема. Әрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді, – дейді Қазақстан психоаналитиктер ассоциациясының президенті Анна Құдиярова. Әрбір баланың суициалды әрекетіне ересектер жауапты! Осы жауапкершілік әсіресе мектеп психологтарына жүктелетіні анық. Бала көңіл-күйінің төмендеуі және жабығудың басқа белгілері байқала бастағанда-ақ аталған күйден шығару бойынша жедел шаралар жасаған жөн. Біріншіден, баламен әңгімелесу, оның көңіл-күйі туралы сұрақтар қою, болашағы туралы әңгіме өткізу және келешегін жоспарлау қажет. Бұл әңгімелер міндетті түрде позитивті сарында өту керек. Балаға дұрыс бағытта ұстаным «қондыру», сенімділігіне көз жеткізу және оның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуге қабілетті екендігін көрсету қажет. Екіншіден, баламен бірге жаңа істермен айналысу қажет. Күн сайын жаңа нәрселермен танысып, бұрын жасамаған істермен айналысқан жөн. Үшіншіден, баланың күн тәртібін сақтағаны жөн. Оның ұйқысының қанғандығын, жақсы тамақтанғандығын, таза ауамен қажетті уақыт демалғандығын, қимыл, спорт түрімен айналысатындығын бақылап отыру қажет. Және төртіншіден кеңес алу үшін - психолог, психотерапевт, сынып жетекшілері мамандарымен хабарласу қажет екенін ескерткен жөн.

Осылайша, Қазақстан кез келген басқа ел сияқты, адам өміріне қарсы қылмыстарды алдын-алуға ұмтылады. Бұл мәселені талдауға ғылыми көзқарас өте перспективалы және маңызды, және, әрине, әрі қарай зерттеуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы, 1 бөлім, 1 бап

2. А.Н.Ағыбаев «Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім» Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015 -364 б.

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі (топтама); Заңтану топтамасы. - Алматы "Мектеп" 2002 жыл"

4. Ағыбаева А. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы «Өзін-өзі тану»

5. Юрьева Л.Н. «Кризисные состояния»

6. Жасөспірімдер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаушылық әрекеттерінің алдын алу. Алтын ұя 7 мамыр 2009ж.

УДК343.2/.7

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ

Кадырбеков Алишер Даржанович

kadyrbekov.2017@bk.ru

Студент 3 курса Правоохранительной деятельностиАО «Университет КАЗГЮУ»

Научный руководитель - к.ю.н., доцент Возняк О.А.

Находясь в непрерывном развитии мир меняется. Сегодня в XXI веке человек уже не может представить себя без своих подручных удобных в использовании, а главное современных гаджетов. В эпоху активной модернизации и цифровизации нашей жизни преступность тоже не стоит на месте. Стоит привести несколько примеров: развитие интернет-банкинга и криптовалюты приводит к мошенничеству в данной сфере и к кражам путем взлома банковской системы и личных финансовых ячеек, счетов вкладчиков. Интернет ресурсы нередко становятся и способом воздействия на психику других людей, посягая на самое дорогое - жизнь.

Актуальным представляется анализ вопросов доведения до самоубийства, как объекту настоящего исследования. Понятие «самоубийство» отражается как: «убийца» - это лицо, которое совершило убийство, а приставка «само-» показывает возвратность на само лицо, то есть в отношении себя самого [1, 2]. Исходя из толкования мы видим, что самоубийство считается деянием лица, совершенного в отношении себя с целью направленной на лишения себя жизни.

В уголовном законе Республики Казахстан, уголовно наказуемым деянием признается доведение человека до самоубийства, что регламентировано в ст. 105 УК РК, предусматривающей способы доведения лица до самоубийства: при наличии угрозы; жестокого обращения; и систематического унижения человеческого достоинства потерпевшего. Что предполагается сделать в будущем [3]. Имея печальный опыт, заставивший резонировать всю постсоветскую общественность, online игру «Синий кит» или «Разбуди меня в 04:20», втягивавшая в участие в ней подростков из разных уголков России и других стран СНГ, склоняя их к самоубийству путем дачи указаний на выполнение заданий, первым из которых было - «нарисовать» изображение кита на своем теле путем нанесения себе ран, о чем в последующем сообщалось «куратору» данной игры. В конечном итоге, финальным заданием игрока являлось лишить себя жизни разными способами. В случаях же отказа игрока в дальнейшем участии в игре, «кураторы» угрожали им физической расправой, запугивали тем, что они знают где и с кем живет игрок, либо же вымогали 20 000 рублей. В этой связи, с недавнего времени в РФ внесены изменения: к составу «Доведение до самоубийства» предусмотренному статьей 110 УК РФ были добавлены два примечания [4].

В примечании один говорится о таких путях как «склонение» и «содействие», чего нет в УК Республики Казахстан. По уголовному законодательству России, «склонением» признается такие способы как: уговоры; предложения; подкуп; обман; и иные способы. «Содействие» выражено в даче советов; указаний; предоставлении информации; средств и